

**ЧЕЙЗ ДЖЕЙМС «ІЗ ҚАЛМАСЫН» РОМАНЫНЫҢ
АУДАРМАСЫНДАҒЫ БАЛАМА ЖӘНЕ СӘЙКЕСТІК ТҮРЛЕРІ**

Әйгерім Нурбекова

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты

Қазіргі таңда шетел тілінен ешқандай аралық тілсіз тікелей ана тілімізге аударудың теориясы мен тәжірибесін дамыту ерекше маңыздылыққа ие болуда. Сондықтан осы уақытқа дейін ағылшын тілінен тікелей қазақ тіліне аударылған бірқатар шығармаларды зерделеп, оларды түпнұсқамен салғастыра отырып талдап, бүгінгі және болашақ аудармашыларға бағыт-бағдар болатын аудармалық әдіс-тәсілдерді анықтау – кезек күттірмейтін іс. Сондай шығармалардың бірі – Чейз Джеймс «Із қалмасын» шытырман оқиғалы романы болып табылады. «Із қалмасын» романы детективтік жанрда жазылып, детективтік әдебиет қатарына жатқызылады. Детективтік әдебиет – фактілерді логикалық талдау арқылы құпия қылмыстарды ашуға арналған көркем шығармалар қатарына жататын әдебиет түрі.

Чейз Джеймс романы 1968 жылы жарық көреді де, кейіннен роман желісі бойынша кинофильм түсіріледі. Джеймс Хедли Чейз романдары үлкен танымалдыққа ие болғандықтан, Чейз Джеймстің озық шығармалары өзге тілдерге аударылып, оқырмандардың ықыласына бөленуде.

Мемлекеттік тапсырыс аясында қазақ тіліндегі көркем әдеби кітаптарды басып шығару және оны тарату ісі біршама жолға қойыла бастағандығы бәрімізге де мәлім, соған байланысты «Аударма» баспасы 2002 жылы Джеймс Хедли Чейздің «Believed Violent» және «I'll Get You for This» романдарын «Із қалмасын» және «Тұзақ» деген атаулармен баспаға ұсынып, кітап бетінде жариялайды. Романның толық тәржімасын өзге тілді жазушылардың көптеген шығармаларының талантты аудармашылары – Сейтжапар Арпабеков пен Жұмағали Жұмаділов орындап шықты. Жалпы Чейз Джеймс шығармалары – оқырмандардың көңілін аулай алатын, оларды қызықтыратын, елестету мен қиялдауға мүмкіндік беретін туындылар. Мұндай шығармаларды қазақ тілінде сөйлетіп, түпнұсқа секілді әсер ететін, оқырмандар қауымын баурай алатын шығарма қуатында аудару өте маңызды.

Кез-келген білікті аудармашы көркем мәтін тақырыбының мәтінде атқаратын позициясы өте күшті екенін білуі тиіс. Біріншіден, оқырман елесі шығарма туралы ешбір мағлұматқа ие емес, ол автор ұсынған тұжырымдаманы, шынайлық пен тақырыпты қабылдауға дайын. Екіншіден, автор оқырманның көңілін аудару үшін мәтін атауын барынша тиімді түрде қояды. Сол себепті аудармашы мәтін тақырыбын аударма тіліне баламалы етіп тәржімалауы тиіс. “Believed violent” атауының аудармаларына зер салайық:

Джейм Хедли Чейз	Believed violent
Сейтжапар Арпабеков Жұмағали Жұмаділов	Із қалмасын
А. Герасимов	Опасный пациент
В. Перехватов	Без следов, Следов не оставлять
Н. Краснолобский	Фанатик

Түпнұсқа атауына келер болсақ, «believed violent» «he is believed to be violent» дегеннің қысқартылған түрі болып табылады. Жолма-жол аудармасы: «считается жестоким», «қатігез болып есептелінеді».

Аудармашылардың барлығы да өз атауларында роман идеясын, мазмұнын беруге тырысады да, роман тақырыбын өздігінше аударды. Қазақ нұсқасы В. Перехватов аудармасына келетінін байқаймыз.

Түпнұсқа (Чейз Джеймс)	Жолма-жол аударма	Қазақ тіліндегі аудармасы (Сейтжапар Арпабеков, Жұмағали Жұмаділов)	Орыс тіліндегі аудармасы (В. Перехватов)
<i>Radnitz regarded the end of his cigar. He had expected such an offer. He had to restrain the white hot rage that surged through him to have to deal with such a shabby creature</i>	<i>Радниц ситардың тұқылына (қалдығына) қарап отырды. Ол күткен ұсынысы да осы еді. Ол осыншама насық адаммен істес болғанына денесін бойлаған аласұрған қаһарын тежеуге тиіс еді.</i>	<i>Радниц ситардың тұқылына қарап отырған. Өзінің де алдын ала болжап күткені осы еді. Ол ішіндегі аласұрған долы ашуын әзер тежеген. Кім ойлаған, өмірде осындай түкке тұрғысыз адамдармен істес болуға тура келеді-ау</i>	<i>Радниц продолжал разглядывать кончик сигары. Ничего другого он не ждал и еле сдерживал холодную ярость. С каким ничтожеством приходится иметь дело!</i>

деген сөйлемді салыстырар болсақ, «*he had to restrain the white hot rage that surged through him*» деген тіркеске назарымызды аударайық, аудармашыларымыз Сейтжапар мен Жұмағали бұл тіркеске «*ол ішіндегі аласұрған долы ашуын әзер тежеген*» деген балама табады. Ағылшын тілінде

«had to» модальдық глаголы «*tuic*» деген мағынаны білдіреді. «*the white hot*» – *being at or radiating white heat*, ал «*rage*» – *violent and uncontrolled anger* деген анықтамалар ағылшын тілінің түсіндірмелі сөздігінде берілген. Яғни бұл Радниц мырзаның ашуы қатты келгендігін, ызақор және ашушаң жағдайда болғандығын білдіреді. Аудармашылар бұл тұста тәржіма тілінен сәйкес келетін балама тауып, детективтік романның қазақ оқырман қауымына баранша бейімдеуге тырысқан. Сөйлемнің «*to have to deal with such a shabby creature*» деген бөлігін талдайық, қазақша нұсқасы: «*Кім ойлаған, өмірде осындай түкке тұрғысыз адамдармен істес болуға тура келеді-ау*». Байқағанымыздай, түпнұсқадағы сөйлем аудармаға қарағанда әлдеқайда қысқа және түпнұсқада аудармадағыдай экспрессивтік құралдар орын алмайды. Аудармада автор беруге тырысқан интонация бұзылып, таңырқау, долдану эмоциялары алдыңғы қатарға шығады. Аудармашылар «*кім ойлаған*» деген қыстырма сөзді енгізіп, аударманы әсерілеген. Аударма түпнұсқаға тура сәйкес келмесе де, Радництің негізгі ойы жеткізілген. «*a shabby creature*» – «*түкке тұрғысыз адам*» деп аударылғын. Аудармашылар бұл тұста толық сәйкестікке жеткен.

<i>Түпнұсқа (Чейз Джеймс)</i>	<i>Жолма-жол аударма</i>	<i>Қазақ тіліндегі аудармасы (Сейтжапар Арпабеков, Жұмағали Жұмаділов)</i>	<i>Орыс тіліндегі аудармасы (В. Перехватов)</i>
<i>It can't. Do you hear? It is useless. It can't be broken!</i>	<i>Бұл мүмкін емес. Естіп тұрсыңба? Барлығы да босқа. Оны шешу мүмкін емес.</i>	<i>Оны шешу мүмкін емес. Ешқашанда! Ұқтың ба? Бұның бәрі бос сандау. Формула құпиясын ашу, тағзы да қайталап айтайын, еш мүмкін емес.</i>	<i>Никогда. Понят но? Все это бессмысленно. Ее не расшифруешь!</i>

Кестеге қарасақ, қазақ аудармашылары бос сөзге салынып, аударманы тым ұзақ жасаған. Детективтік шығармадағы сөйлемдер қысқа әрі нұсқа болуы шарт. Дегенімен, аудармашылар бұл қағиданы ескермеген, сөйлемді шұбалаңқы аударған. Аудармаға қайталаулар енгізген. Сейтжапаров мен Жұмаділов аудармасындағы *формула құпиясын ашу, тағзы да қайталап айтайын* деген тұсы артық, аудармашы қашанда автор қолданған стильді ұстанған жөн. *Do you hear?* сөйлеміне назар аударар болсақ, мұнда бұл сөйлемді

ұқтың ба? деп тәржімалайды. Әйтсе де ол «естіп тұрсыңба» деген мағынаны білдіретінін ескеру қажет. Көп жағдайда аудармашылар өз тарапынан сөз қосу, қысқарту, сөйлемдерді біріктіріп, бөлу секілді әрекеттерге жүгінеді.

<i>Түпнұсқа (Чейз Джеймс)</i>	<i>Жолма-жол аударма</i>	<i>Қазақ тіліндегі аудармасы (Сейтжапар Арпабеков, Жұмағали Жұмаділов)</i>	<i>Орыс тіліндегі аудармасы (В. Перехватов)</i>
<i>He stopped as Silk's single eye gleamed red with contained, savage fury.</i>	<i>Ол тоқтамайтын ашуға толы Силктің жалғыз жанарының қызыл болғанын көрді де, тоқтады.</i>	<i>Крейг оның жалғыз көзінен жемтігіне атылар кездегі ызалы жыртқышқа тән қызыл ұшқын шашып тұрғанын көрді де үнсіз қалды</i>	<i>Крейг замолчал, заметив, как в единственном глазу Силка вспыхнул красный огонек звериной ярости.</i>

Аудармашылар «необузданная злоба», «дикая ярость» тіркесіне «жемтігіне атылар кездегі ызалы жыртқышқа тән» деген балама береді. Детективтік аудармада көркем аударманың элементтері бар екендігін байқаймыз, себебі көркем аударманың басты функциясы оқырманға эстетикалық тұрғыдан әсер ету, ал детективтік шығарма оқырманды барынша қызықтырып баурай алуы тиіс. Дегенімен, тіркестің дәл солай берілуі аударманы әсірелеп, қазақ оқырманына сол тұсты елестетуге мүмкіндік береді.

<i>Түпнұсқа (Чейз Джеймс)</i>	<i>Жолма-жол аударма</i>	<i>Қазақ тіліндегі аудармасы (Сейтжапар Арпабеков, Жұмағали Жұмаділов)</i>	<i>Орыс тіліндегі аудармасы (В. Перехватов)</i>
<i>These kid drivers are crazy.</i>	<i>Бұл жас жүргізушілер естерінен танған.</i>	<i>Жастар рульге отырды болды – теңіз суы сирағынан келмейді.</i>	<i>Молодые как за руль сядут – море им по колено.</i>

Түпнұсқа өте қысқа әрі нұсқа. Қазақ аудармашылары В. Перехватов аудармасына жүгінгендей әсер қалдырады, себебі «теңіз суы сирағынан келмейді» «*море им по колено*» дегеннің баламасы.

Түпнұсқа а (Чейз Джеймс)	Жолма-жол аударма	Қазақ тіліндегі аудармасы (Сейтжапар Арпабеков, Жұмағали Жұмаділов)	Орыс тіліндегі аудармасы (В. Перехватов)
<p>«My government would never pay such a sum,” he said hoarsely. No? Are they so pure? The Radnitz touched off the long ash from his cigar into the silver ashtray at his elbow. “How sad. However, I don’t take such a remark made by a lower civil servant – is that you describe yourself? – seriously.</p>	<p>Менің мемлекетім мұнша көп соманы төлей алмайды, - деді даусы қарлыға. Жоқ? Ол соншалықты кедей ма? Радниц күміс күл салғышқа жанып біткен темекі күлін қағып түсірді. Қандай аянышты. Дегенімен, төменгі шенеунік жасаған мәлімдемені қабылдамаймын, сіз өзіңізді солай деп сипаттаған жоқсызба?</p>	<p>«Менің мемлекетім мұнша көп ақшаны төлей алмайды, - деді даусы қарлыға. Солай ма? Ол соншалықты сіңірі шыққан кедей ме? – Радниц күміс күл салғышқа жанып біткен темекі күлін қағып түсірді. –Қандай аянышты! Қалай да сіздің мәлімдемеңізді төменгі шенеуніктерден берілген нұсқау, болмаса жан-жақты нақты бағалай отырып ойластырылған мәселе ретінде қабылдай алмаймын. Себебі сіз, қолында өкілетті билігі жоқ, бейшара екендігіңізді айттыңыз ғой отырып ойластырылған мәселе ретінде қабылдай алмаймын. Себебі сіз, қолында өкілетті билігі жоқ, бейшара екендігіңізді айттыңыз ғой</p>	<p>Мое правительство никогда не заплатит так много – произнес он хрипло. Да? Оно так бедно? – Радниц стряхнул длинный столбик с сигары в серебрянную пепельницу. – Какая жалость. Однако я не принимаю ваше заявление, ибо оно исходит от мелкого чиновника.</p>

Бұл мысалдан қазақ тілді аудармашылардың, жалпы қазақ тілінде сипаттаулар көптеп жазылатының аңғаруға болады. Қазақ тілі бай тіл болғандықтан, аудармашылар оқырманға эстетикалық тұрғыдан әсер ету

мақсатында көркемдік құралдарды молынан пайдаланады. «сіңірі шыққан кедей ме?» деп аударған аудармашылар романды таза қазақ тілінде сөйлете білген. Себебі шет тілдегі романды аударма тіліне бейімдеу, аударма тіліне жатық етіп аудару аудармашы алдына қоятын басты міндет. Бұл сөйлемдерде аудармашылар өз тараптарынан сөз қосып, оқырманды одан әрі қызықтыру әрекеттері байқалады. Мысалы, «бейшара» сөзі түпнұсқа тілінде мүлдем кездеспейді. Бейшара – байғұс, мүсәпір, сорлы мағынасында көптеп қолданылады. Әрине, Радниц Дузинскийдің түкке тұрмайтын адам ретінде санаса да, түпнұсқада оның төменгі шенеунік екендігі ғана бейнеленеді. Сондай-ақ аудармадағы «Қалай да сіздің мәлімдемеңізді төменгі шенеуніктерден берілген нұсқау, болмаса жан-жақты нақты бағалай отырып ойластырылған мәселе ретінде қабылдай алмаймын» деген сөйлем аудармашылар тарапынан қосылғанын мәлім еткім келеді.

Түпнұсқа (Чейз Джеймс)	Жолма-жол аударма	Қазақ тіліндегі аудармасы (Сейтжапар Арпабеков, Жұмағали Жұмаділов)	Орыс тіліндегі аудармасы (В. Перехватов)
<p><i>My dear boy, you should know me better than that – Lindsey said quietly. “A bargain is a bargain. I don’t cheat</i></p>	<p><i>Қымбаттым, адамдарды дұрыс тани білу керек - деді байсалды түрде Линдсей. Уәденің аты уәде. Менің алдап тұрғаным жоқ.</i></p>	<p><i>Жарығым, ең дұрысы кісі тани білу керек,- деп салқынқанжы жауап берді. – Уәденің аты уәде. Қалай келісті, солай істелді</i></p>	<p><i>Милый мой, надо бы лучше разбираться в людях, - спокойно заметил Линдсей. – Сделка есть сделка. Все по честному.</i></p>

Сөйлемде «*A bargain is a bargain*» деген мақалдың аударылуын қарастырайық. Оны қазақ тіліне «*Уәденің аты уәде. Қалай келісті, солай істелді*» деп тәржімалаған және әдемі сөйлетіп, мағынасын аша білген.

Сондай-ақ қазақ тілінде оған «*айтпа, айтсаң, уәдеңнен қайтпа*» деген балама бар. Алайда, аудармашылар «*I don’t cheat*» сөйлем бөлігін қазақшаламаған.

Сонымен, «Із қалмасын» романының қазақша тіліндегі тәржіма мәтініне салыстырмалы талдау жасай отырып, кей тұстарда аудармашылардың сәйкестіктерді табуда сәтті шыққан шешімдер қабылдай білгенін аңғарамыз. Әрине, аударма сапасын өте жоғары деңгейде орындалған деп айту қиын. Өйткені аудармашылардың еркіндікке бой алдырып, өз бетінше аударуға да салынып, түпнұсқаға біршама нұқсан келтіргендер тұстарын байқаймыз. Сәйкестік табу мәселесін көркем аудармада барынша сақтау оңай жұмыс емес,

сөздің прагматикалық сипатын, оның ішкі лингвистикалық мағынасын сақтау көптеген ізденістерді қажет етеді.

Аударма өнерінің табысы – аударған шығарманың көркемдік мазмұны тұрғысынан да, ой дәлдігі жағынан да, стильдік сәйкестігімен де түпнұсқадағыдай болып шығуы.

Әдебиет

1. James Hadley Chase. Believed Violent / Published in Great Britain by Robert Hale & Co. – 1968. – 173 p.
2. Чейз Х. Джеймс. Із қалмасын. Романдар. Аударғандар С. Арпабеков, Ж. Жұмаділов. Астана: Аударма, 2002. – 352 бет.
3. Чейз Дж. Х. Следов не оставлять: роман / Пер. с англ. В. Перехватова. – М: ЗАО Центр-полиграф, 2008. – 254 с.